# Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 520 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 20 қаңтардан және 20 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдеріне әзірленетін өңірлік бағдарламаларда "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңының қолданысына жатқызылатын аумақтарды дамыту жөніндегі кешенді шараларды және тетіктерді көздеу ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

## Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарлама

## 1. Бағдарламаның паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарлама |
| Әзірлеу үшін негіздеме | Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің 2002 жылғы 27 қарашадағы N 1573-II ПМ қаулысының 2-тармағы; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 182-ө өкімімен құрылған Бұрынғы Семей ядролық полигонының және Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 11-7/005-680 мәжілісі хаттамасының 1.3-тармағы |
| Негізгі әзірлеуші | Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі |
| Мақсаты | Арал өңірінің проблемаларын Халықтың сапалы тыныс-тіршілігі деңгейіне әсер ететін экологиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларды жақсарту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру есебінен шешу |
| Міндеттері | Экологиялық ахуалды оңалту; халықты сауықтыру; әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту; ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ету; өңірде экономикалық белсенділікті арттыру үшін жағдай жасау, өндірістік инфрақұрылымды дамыту және суды ұтымды пайдалану; халыққа әлеуметтік көмек көрсету |
| Қаржыландыру көздері | Республикалық бюджеттен 31928,4 млн. теңге, оның ішінде 2004 жылы - 11120,9 млн. теңге, 2005 жылы - 13073,2 млн. теңге, 2006 жылы - 7734,3 млн. теңге көлемінде қаражат бөлу көзделген |
| Бағдарламаны іске асырудан күтілетін | Бағдарламаны іске асыру және онда көзделген барлық шараларды қабылдау өңірдегі |

нәтижелер экологиялық ахуалды жақсартуға, халықты сапалы ауыз сумен, ең алдымен ауылдық жерде тұратын халықтың денсаулық сақтау, білім беру, сумен қамтамасыз ету, көлік және коммуникация қызметіне қол жеткізуін қамтамасыз етуге ықпал етуі тиіс. Арал өңірі мен еліміздің өзге де өңірлерінің халқының өмір сүру жағдайларының айырмашылығы қысқарады. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 10 туберкулезге қарсы аурухана мен диспансер, 2 орталық аудандық аурухана, 2 емхана, 1 перзентхана, 19 мектеп салынады немесе құрылысы басталады, 12 магистральды және шаруашылықаралық арна, 1 су қоймасы, 1 коллектор және басқа да объектілер қайта құрылады

Іске асыру мерзімі 2004-2006 жылдар

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

## 2. Кіріспе

Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының кейбір баптарының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы" Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің 2002 жылғы 27 қарашадағы N 1573-II ПМ қаулысына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде мүдделі министрліктердің, агенттіктердің, ведомстволардың, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары әкімдіктерінің және "Бұрынғы Семей ядролық полигонының және Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 182-ө өкімімен құрылған ведомствоаралық жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстары бастапқы база болып табылды.

Бағдарламаны әзірлеу жекелеген мемлекеттік, салалық (сектоcaралдық), өңірлік бағдарламалар шеңберінде қабылданған шараларға қарамастан, өңірдің проблемаларын шешу жөніндегі тұтас ұстанымның жоқтығына негізделіп отыр. Нәтижесінде өңірге бағытталған бюджеттік қаражат, халықаралық ұйымдардың және донор-елдердің гранттары тиімсіз пайдаланылуда. Экологияны, су ресурстарының жағдайын, халықтың денсаулығын зерттеу жөнінде жүйелі жұмыс жоқ, бұрын жүргізілген зерттеулер негізінен толымсыз сипатта. Сондықтан бар проблемаларды кешенді шешуді көздейтін бірыңғай бағдарламалық құжаттың болу қажеттігі туындады, бұл өңірдің жүйелі мониторингін жүргізуге және алынған нәтижелер негізінде барабар басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның қоршаған ортаның экологиясын, халықтың денсаулығын жақсартуды, өңірде экономикалық белсенділікті арттыруға жағдай жасауды және суды ұтымды пайдалануды, халыққа әлеуметтік көмек көрсетуді көздейтін кешенді сипаты бар.

Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

**3. Проблеманың қазіргі жай-күйіне талдау**

**3.1. Жалпы сипаттамасы**

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңына сәйкес Арал өңіріндегі экологиялық апат аумақтарына Қызылорда облысының, Ақтөбе облысы Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар (бұрынғы Мугоджар ауданы елді мекендерінің шекаралары шегінде), Темір, Шалқар аудандарының, Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Отырар, Созақ, Шардара аудандары мен Түркістан қаласының, Қарағанды облысы Ұлытау ауданының ( бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданы елді мекендерінің шекаралары шегінде) аумақтары кіреді.

Арал өңірінің қазақстандық бөлігінің экологиялық қолайсыз аумақтарын жіктеу кезінде экологиялық апат аймағына Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандары, Ақтөбе облысының Шалқар ауданы енгізілген.

Арал өңірінің жалпы аумағы 639,4 мың шаршы километрді құрайды. Қызылорда облысына - 226,0, оның ішінде Арал және Қазалы аудандарына - тиісінше 55,2 және 37,6-дан келеді. Ақтөбе облысының Шалқар ауданы 61,8 мың шаршы километрлік аумақты қамтиды.

2003 жылы өңірдегі халық саны 10 қалада, 19 кентте, 634 ауылда (селода) тұратын 1660 мың адамды құрады.

Мұнда:

су ресурстарының тапшылығы;

топырақтың тұздануы;

судың пестицидтермен, гербицидтермен және басқа да қауіпті заттармен ластануы;

халықтың сапалы ауыз сумен қанағаттанарлықсыз қамтамасыз етілуі;

жайылым және егістік жерлердің тозуы (суармалы жерлердің тұздануы);

тоғайлы және сексеуіл ормандарының құруы;

биологиялық әр түрліліктің қысқаруы сияқты ұлттық деңгейдегі барлық экологиялық проблемалар тығыз топтасып, шоғырланған.

Арал теңізінің құрғауы жалғасуда, өңір халқының тіршілігі орташа республикалық деңгейден әлдеқайда төмен қалып отыр, жекелеген нозологиялық бірліктер бойынша аурулар деңгейі жоғары болып қалуда.

**3.2. Экологиялық ахуал**

1960 жылдан бастап Қазақстан мен Орта Азияда суландыруды қарқынды дамытудан Сырдария мен Амудария өзендерінің төменгі жағының су ағысы үнемі азайып отырды. Осының салдарынан Арал теңізінің деңгейі тұрақты төмендеді, бұл өзен жағасының шөлейттенуіне, экожүйе жағдайының нашарлауына әкеп соқты.

Жер асты суларының минералдануының артуы және Аралдың жалаңаштанған түбінен эолдық тұзды шаң қалдықтарының көтерілуі салдарынан топырақтың белсенді тұздану процесі, жер асты сулары деңгейінің ирригациялық жүйеден тыс төмендеуі мен көлденең су алмасудың жоқтығы аридизация мен шөлейттену процесінің дамуына әкеп соқты.

Гидрологиялық жағдайлардың өзгеруі топырақтың барлық физикалық-химиялық сипатының айтарлықтай өзгеруіне, гумустың және оның әлеуетті құнарлылығының едәуір төмендеуіне себеп болды.

Соңғы 30 жыл ішінде Арал өңірінің топырағында органикалық тыңайтқыштардың тапшылығы және суармалы судың иондық құрамының өзгеруі салдарынан гуминдық қышқылдардың бөлінуінен гумус құрамы 30-40%-ға төмендеді және дағдарыстық шекке жақындады. Қазіргі уақытта егістік алқаптың 60%-ның құрамында гумустың үлесі 1% төмен болып отыр.

Жер асты сулары режимінің, топырақ қабатының, Арал өңірі климатының аридизация және континенталдықтың жоғарылауы жағына өзгеруі өсімдіктер тозуының жоғары қарқынына негіз болды. Егер 1960 жылға дейін гидроморфтық флора (көлді-батпақты және қамысты) шамамен 800 мың гектарды алып жатқан болса, қазіргі уақытта 100 мың гектарға жуық. Шабындықтардың өнімділігі 2,5-3 есеге төмендеді.

Жер асты сулары деңгейінің төмендеуі құдықтар мен ұңғымалардың қатардан шығуына әкеп соқты, бұларсыз жайылымдардың қалыпты жұмыс істеуі мүмкін емес.

Жайылымдардың көп бөлігін өнімділігі 60-300 кг/га гало-ксерофиттік кешендер алып жатыр, 1961 жылға дейін бұлардың өнімділігі 1,0-1,6 т/га құраған еді. Егер бұрын жайылымдардың флора құрамында өнімділігі жоғары бағалы өсімдіктер басым болған болса, қазіргі уақытта оларды біржылдық сораң шөптер алмастырады, яғни түрлердің саналуандылығы жоғалуының жылдам процесі жүруде, бұл құрғақшылық процестерінің көрсеткіші және ауыл шаруашылығының дамуы үшін қауіпті болып табылады.

Осыншалық кең аумақта өсімдік қабатының тозуы қыздыру әсерін күшейту және атмосферада көмірқышқыл газының шоғырлануының ұлғаюы, эолды тұз-шаң қалдықтары салдарынан климаттың ғаламдық және өңірлік өзгеруіне әкелді. Бұл Арал өңірінің флорасы мен фаунасының биологиялық саналуандығының тұралауына әкеп соғады, адамның тіршілік ету ортасын б ұ з а д ы .

Қабылданып жатқан шаралар нәтижесінде өңірдің су балансы тұрақтану үрдісіне ие болды. Қызылорда облысына судың келу көлемі 1995 жылы - 12,6 текше километрді құраса, 2002 жылы 19,3 текше километрді құрады. Осыған байланысты Сырдария өзенінің сағасына су жіберу едәуір ұлғайып, 2002 жылы 8,6 текше километрді (1995 жылы - 5,6 текше километр) құраған. Көрсетілген жылдары өзеннен су алу көлемі облыс бойынша 5,0 текше километр шегінде т ұ р а қ т а л д ы .

Қызылорда облысы бойынша табиғи жерүсті көздерден су алу 1993 жылы 5793,5 млн. текше метрден 2002 жылы 5124,5 млн. текше метрге дейін төмендеді.

Орта Азия елдері тәуелсіздік алғаннан кейін трансшекаралық өзендер ағынын , әсіресе Сырдария өзені бассейнінде мемлекетаралық су бөлу мәселелері күрт шиеленісті. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан электр қуаты мен энергия көздерін республикааралық алмасу процесі бұзылды. Осыған байланысты, су электр станциясының Нарын-Сырдария каскадында қысқы маусымда электр энергиясын өндіру көлемінің өсуінен Сырдария өзенінің табиғи режимі өзгерді. Сырдария өзенінің ортаңғы және төменгі ағысына қысқы маусымда көлемі жағынан көктемгі су тасқыны кезеңіндегі шығыстармен шамалас су шығыстары түсе бастады. Жыл сайын бұл Қазақстан мен Өзбекстанның аумақтарында орналасқан су қоймаларының қысқы маусымда шамадан тыс толуына және вегегациялық мерзімде суару суларының тапшылығына әкеледі. Жағдай жыл сайын шиеленісе түсуде. 2004 жылдың басында су шаруашылығының жағдайы Сырдария өзенінің бассейнінде ерекше күрделенді.

Апатты жағдайды болдырмау үшін түскен суды Сырдария өзенінің төменгі жағына бұрынғыдан 2 және одан да көп есе ағызып жіберу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар Сырдария өзені арнасының су өткізу қабілеті соңғы 35-40

жылда түбінің лайлануы мен жасанды құрылыстардың (понтондық көпірлер, өткелдер және т.т.) салынуынан күрт төмендеді.

Осы тұрғыдан өңірде қазірдің өзінде осы проблеманы шешу жөнінде шаралар қабылдануда. Сырдария өзенінің ағынын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу жөніндегі жоба іске асырылуда, бұл 2006 жылы аяқталады. Жоба Солтүстік Арал теңізінде бөліп тұратын бөгетті, Сырдария өзенінде су ағытқыш пен Ақлақ тіреуіш бөгетін, Әйтек су көтеру бөгетін салуды, Шардара бөгетін қайта жөндеуді, Қызылорда және Қазалы су тораптарын қалпына келтіруді және басқа да жұмыстарды көздейді.

Қызылорда қаласында қоршаған орта мониторингі және халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі орталық жұмыс істей бастады.

### 3.3. Әлеуметтік-экономикалық жағдай

#### 3.3.1. Су пайдалануды және ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ету жағдайы

Арал өңірінде халықтың 70 пайызынан астамы ауыз суды сумен жабдықтаудың орталықтандырылмаған көздерінен пайдаланады.

Қолданыстағы су құбырларының санитарлық-техникалық жағдайы су құбырлары құрылыстары мен су тарату желілеріне жоспарлы-профилактикалық жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуінен, су құбырлары мен құрылыстарының ауыстырылмауынан нашарлауда.

Арал өңірінің төңірегіндегі Ақтөбе облысының өңірлерінде халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері шешілмеген елді мекендер саны едәуір. Мәселен, Ақтөбе облысының Байғанин ауданында халықты орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету 2003 жылдың басында 7,5% құрады. Соңғы 10 жыл ішінде осы облыстың Ырғыз ауданында сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету 53,0-ден 42,7%; Мұғалжар ауданында - 83,0-ден 69,3%-ға; Темір ауданында - 86,6-дан 80,5%-ға дейін төмендеді. Байғанин ауданының Байғанин кентінде, Мұғалжар ауданының Жұрұн селосында Темір ауданының Алтықарасу селосында су құбырлары жұмыс істемейді. Ырғыз ауданының жекелеген селоларында халық ішуге пайдалану мақсатында Торғай өзенінің ашық тоғандарынан алынатын суды әкелінетін сумен бірдей пайдаланады.

Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданы халқының 41,5%-ы әкелінетін суды пайдаланады.

Қарағанды облысының ашық тоғандардағы суды пайдаланатын ауылдық елді мекендерінің неғұрлым көп саны Ұлытау ауданында орналасқан. 52 елді мекеннің 14-і қоғамдық құдықтың, 21-і ашық тоғандардың суын, 2-і әкелінетін суды пайдаланады.

Қызылорда облысын ауыз сумен қамтамасыз етудің жағдайы қанағаттанғысыз, мұнда да көптеген ауылдық елді мекендердегі халық құдықтың

суын, әкелінетін суды, сондай-ақ ашық көздердің суын пайдаланады.

Ауыз сумен жабдықтау саласында Қызылорда облысы бойынша 1992 жылдан бастап 2002 жылға дейін республикалық бюджет есебінен 1060,98 млн. теңге сомасына 15 жоба іске асырылғанын айта кеткен жөн. Бұдан басқа, 2001-2003 жылдар аралығында жергілікті бюджеттен "Таза су" өңірлік бағдарламасы шеңберінде ауыз сумен қамтамасыз етуге 293,3 млн. теңге бөлінді. Арал, Жалағаш, Қазалы, Сырдария аудандарының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету, Жиделі топтық су құбырын қайта салу сияқты ірі жобалар іске асырылды.

### 3.3.2. Халықтың денсаулығы

Арал өңірі халқының ауруға шалдығу деңгейі 1992 жылдан бастап ұлғайды және 2002 жылы орташа республикалық көрсеткіштен асып түсті.

2002 жылы Қызылорда облысында ауруға шалдығу 100 мың адамға шаққанда 71538-ді құрады, орташа республикалық мәндегі бұл көрсеткіш 57518-ді құрайды . 1992 жылмен салыстырғанда ауруға шалдығу 100 мың адамға шаққанда 1,6 есеге, Арал және Қазалы аудандары бойынша шамамен 2 есеге өсті. Ақтөбе облысының Шалқар ауданында халықтың ауруға шалдығуы 1992 жылы 100 мың адамға шаққанда 18231-ден 2002 жылы 59145-ке дейін, яғни 3,2 есеге өсті. Республика бойынша тұтастай алғанда 1992-2002 жылдар аралығында халықтың ауруға шалдығу көрсеткішінің өсу үрдісі жоқ. Қарастырылып отырған өңірлердегі ауруға шалдығудың өсуі азаматтардың медициналық жәрдемге жүгінуімен және қызмет көрсету сапасының жақсаруымен, оның шынайы өсуімен де түсіндіріледі. Сонымен бірге, 2002 жылдың қорытындысы бойынша Ақтөбе облысының Мұғалжар, Темір, Байғанин, Ырғыз аудандарында ауруға шалдығу 1992 жылмен салыстырғанда 100 мың адамға шаққанда 30247-ден 38338-ге дейін ауытқып отырды, бұл орташа республикалық көрсеткіштен едәуір төмен.

Өңір бойынша туберкулезбен ауыру жоғары, бұл көрсеткіш 2002 жылы 100 мың адамға шаққанда республика бойынша - 165-ті құраса, Қызылорда облысы бойынша - 292-ні, Ақтөбе облысы бойынша - 259-ды құрады. Туберкулезбен ауыратындардың көпшілігі Қызылорда қаласында байқалады - 100 мың адам санына - 373, Қызылорда облысының Арал ауданында - 360, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында 100 мың адамға 320-дан келеді.

Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облысының тиісті аудандарындағы туберкулезбен ауратындар саны орташа республикалық көрсеткіш шегінде немесе одан төмен.

Вирусты гепатит бойынша ахуал шиеленіскен жағдайда қалып отыр, бұл Арал өңірінің жекелеген өңірлеріндегі ауыз су сапасының нашарлығының куәсі.

Бала туу деңгейі жоғары болғанмен, ұрпақ әкелетін жастағы әйелдер мен балалар арасында ауруға шалдығушылықтың жоғары деңгейі сақталып отыр.

Әйелдер денсаулығының индексі төмен. Экстрагениталдық патология деңгейі жоғары. Жүкті әйелдер қан аздықтан, бүйрек патологиясынан, ұрпақ әкелу органдарының қабынуынан зардап шегуде. Нәресте өлімінің көрсеткіші жоғары.

Тұтастай алғанда, Арал өңірі аудандарында соңғы жылдар ішіндегі халықтың жалпы өлім-жітімі орташа республикалық көрсеткіштен төмен, 1000 адамға орташа 7-8 оқиғаны құрайды. Мәселен, 2002 жылы ел бойынша халықтың жалпы өлім-жітімі 1000 адамға шаққанда 10,0, бұл көрсеткіш Қызылорда облысы бойынша 7,5 құрады, ал халықтың табиғи өсімі 1000 адамға шаққанда - 12,9, Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында, Отырар, Шардара, Арыс, Созақ аудандарында 2002 жылы халықтың жалпы өлім-жітімі 1000 адамға шаққанда 4,7-ден 6,9-ға дейін ауытқып отырды, Ақтөбе облысының Байғанин, Ырғыз, Темір, Шалқар аудандарында 2002 жылы халықтың жалпы өлім-жітімі 1000 адамға шаққанда 7,2-7,8-ді, осы облыстың Мұғалжар ауданында - 8,9-ды құрады.

Қарағанды облысының Ұлытау ауданы бойынша өлім-жітім көрсеткіші көрсетілген жылы 1000 адамға шаққанда 8,5-ті құрады.

### 3.3.3. Халықты әлеуметтік қорғау

Тұтастай Арал өңірі бойынша халықтың тұрмыс деңгейі тұтастай ел бойынша тұрмыс деңгейіне қарағанда төмен. Халықтың күнкөріс минимумынан төмен кірісі бар үлесі Қызылорда облысы бойынша 2000 жылы 51,6%-ды, 2001 жылы - 39,5%-ды, 2002 жылы - 32,3%-ды құрады, бұл көрсеткіш республика бойынша - тиісінше 31,8, 28,4 және 24,2%. Бұл облыста еңбекақы деңгейі бойынша да артта қалу байқалады. 2002 жылы облыс бойынша бұл 17,0 мың теңге, оның ішінде Арал ауданы бойынша - 13,7 және Қазалы ауданы бойынша - 15,6 мың теңгені құрады, ал көрсетілген жылы республика бойынша орташа еңбекақы 20,0 мың теңгеден артық болды.

Арал өңіріндегі жұмыссыздық деңгейі тұтастай республика бойынша жұмыссыздық деңгейінен әдеттегідей жоғары. Арал өңірінің төңірегіндегі өңірлер бөлінісінде жұмыссыздықтың неғұрлым жоғары деңгейі Қызылорда облысында байқалады. Егер тұтастай республика бойынша 2000 жылы жұмыссыздық деңгейі 12,8%-ды, 2001 жылы - 10,4%-ды, 2002 жылы - 9,3%-ды құраған болса, ал Қызылорда облысында тиісінше - 14,5, 12,6 және 12,5%-ды құрайды.

Сонымен бірге, талдау Арал өңіріне жататын аудандардағы жұмыссыздық деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстарында орташа облыстық көрсеткіштерден төмен екендігін растайды.

Соңғы он жыл ішінде өңірден халықтың тұрақты көшуі байқалуда. Мәселен, 1993 жылдан бастап 2002 жыл аралығында Қызылорда облысынан 117,1 мың адам көшіп кеткен және көрсетілген кезең ішінде көші-қонның теріс сальдосы

56,1 мың адамды құрады, оның ішінде Арал және Қазалы аудандарына 15,1 мың адам келеді.

Ақтөбе облысының Арал өңірі аймағына жататын аудандарында 1999 жылдан бастап 2003 жылғы 1 қазан аралығындағы кезеңде көші-қонның теріс сальдосы 9,6 мың адамды, оның ішінде Шалқар ауданынан 2,5 мың адамды құрады.

Қарағанды облысының Ұлытау ауданында 1992-2002 жылдары көші-қонның теріс сальдосы 9,8 мың адамды құрады, бұл ретте 2002 жыл ішінде аудан халқының саны барлығы 17,3 мың адамды құрады.

Осы өңірлердің халқын әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

1992-1998 жылдар аралығында халыққа заттай жеңілдіктер бюджеттегі қаражатқа байланысты берілді. Бұл жеңілдіктерді ауылдан гөрі қала халқы көп пайдаланғанын айта кеткен жөн.

1996 жылы "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экологиялық қасірет себебінен мүгедек болған адамдарға және асыраушысынан айрылған отбасыларға шеккен зияны үшін өтемақы төлеу толық жүзеге асырылды.

1999 жылғы сәуірде "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, осыған орай бұрынғы заттай жеңілдіктер ай сайынғы арнайы мемлекеттік жәрдемақылар төлеумен ауыстырылды. Мұндай саясат тек бюджет қаражатын ұтымды жұмсауға, бюджеттің атқарылуын бақылауға ғана емес, сонымен бірге арнаулы әлеуметтік көмек беруге қол жеткізуге, еліміздің бұрын жеңілдіктерді пайдаланған барлық азаматтарының мемлекеттік әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етілуге бірдей қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Арал өңірі аумағында тұратын адамдарға 2005 жылдың 1 қаңтарына дейін заттай жеңілдік беру тоқтатылды.

1999 жылғы сәуірден 2004 жылғы 1 қаңтар аралығындағы кезеңде Қызылорда облысының әлеуметтік жағынан қорғалатын санат қатарындағы тұрғындарына республикалық бюджеттен 4057,3 млн. теңге сомасында арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлеу жүзеге асырылды.

2002 жылдан бастап жыл сайын республикалық бюджеттен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек пен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуге мақсатты трансферттер бөлініп келеді. Осы мақсаттарға 2002-2003 жылдары Ақтөбе және Қызылорда облыстарының бюджеттеріне 908,9 млн. теңге сомасында мақсатты трансферттер бөлінді. 2004 жылға арналған

республикалық бюджетте:

Қызылорда облысының бюджетіне тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсету үшін 122,3 млн. теңге мөлшерінде, Арал және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін - 156,8 млн. теңге;

Ақтөбе облысының бюджетіне тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсету үшін - 17,1 млн.теңге мөлшерінде, Шалқар ауданының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін - 43,2 млн. теңге мақсатты трансферттер көзделді.

Тұрғын үй заңнамасына сәйкес коммуналдық қызмет көрсету жөніндегі жеңілдіктер халықтың әлеуметтік осал топтарының тұрғын үйін ұстауға арналған тұрғын үй көмегі түрінде беріледі.

2003 жылы республикалық бюджеттен атаулы әлеуметтік көмекке Қызылорда , Ақтөбе облыстарына жергілікті бюджетте көзделген қаражатқа қосымша жалпы сомасы 344,4 млн. теңге мақсатты трансферттер бөлінді.

Экологиялық қасірет аймақтарында тұрған адамдар:

жасы 55-ке келген және көрсетілген аймақтағы жалпы жұмыс өтілі 25 жыл болған ерлер;

жасы 50-ге келген және көрсетілген аймақтағы жалпы жұмыс өтілі 20 жыл болған әйелдер 1996 жылғы 16 маусымға дейін жасы бойынша зейнетке жеңілдік шарттарымен шығуға құқығы болды ("Қазақ ССР-інің азаматтарын пенсиямен қамтамасыз ету туралы" Қазақ ССР-інің 1991 жылғы 17 маусымдағы Заңының 13-бабы).

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңының 8-тармағына сәйкес "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 1-тармағына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймақтарында тұрып жатқан және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан азаматтардың экологиялық қолайсыз жағдайларда тұрып жатқаны үшін мынадай аймақтар бойынша коэффициент қолданыла отырып зейнетақы алуға құқығы бар:

экологиялық апат - 1,5;

экологиялық дағдарыс - 1,3.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 5-бабына сәйкес мемлекет 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан азаматтардың зейнетақы мөлшерін сақтауға кепілдік береді, сондықтан қазіргі уақытта жоғарыда аталған коэффициенттер мен көтермелер зейнетақы мөлшеріне кіреді.

"Арал өңірінің экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 13-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес экологиялық қасірет аймағында тұратын халыққа экологиялық жағынан қолайсыз жағдайда тұрғаны үшін:

экологиялық апат аймағы бойынша - 1,5;

экологиялық дағдарыс аймағы бойынша - 1,3;

жағдайы экологиялық дағдарыс алдындағы аймақ бойынша - 1,2 коэффициенті түрінде қосымша еңбекақы белгіленген.

Көрсетілген коэффициенттер жұмыскердің лауазымдық жалақысына ( тарифтік ставкаға) есептеледі.

Осылайша, көрсетілген заң кесімі қолданысқа енген сәттен бастап осы уақытқа дейін экологиялық қасірет аймағында тұратын жұмыс істейтін халық белгіленген коэффициенттер ескерілген еңбекақы алуда.

Бұдан басқа, осы Заңның 13-бабына сәйкес:

экологиялық апат аймағы бойынша - 12;

экологиялық дағдарыс аймағы бойынша - 9;

жағдайы экологиялық дағдарыс алдындағы аймақ бойынша - 7 күнтізбелік күн жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыс беріледі.

Еңбек демалысын берумен бірге жыл сайын сауықтыруға арналған айлық тарифтік ставка немесе лауазымдық жалақы мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі.

Арал өңірі халқының тұрмыс деңгейін жақсартуға бағытталған қабылданған шаралар нәтижесінде ел бойынша тұтастай алғандағыдай халықтың орташа жан басына шаққандағы табысы өсуде. Бұл туралы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының азаюы куәландырады. Егер алушылар саны 2002 жылы Ақтөбе облысының Байғанин, Мұғалжар, Темір, Шалқар, Ырғыз аудандарында 41,7 мың адамды, Қарағанды облысының Ұлытау ауданында - 2,6 мың адамды, Қызылорда облысында - 130,6 мың адамды, Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс, Отырар, Созақ, Шардара аудандарында - 24,3 мың адамды құраса, ал 2003 жылғы 1 қарашада тиісінше 20,5, 1,7, 67,3, 14,7 мың адамды құрады.

Арал өңірі аумағында тұратын азаматтар, сондай-ақ бала тууға байланысты бір жолғы төлемдер, коэффициент қолданылатын стипендиялар, жыл сайын қосымша төленетін демалыс алу құқығын пайдаланады.

Бұл ретте, әлеуметтік көмек түрлерін төлеу халықтың сапалы тыныс-тіршілігін қалыптастырудағы негізгі факторлар болып табылатын флора мен фаунаның биологиялық саналуандығының қысқаруы, халықтың сапалы ауыз сумен қанағаттанғысыз қамтылуы, жайылымдар мен егістік жерлердің тозуы сияқты проблемаларды шешуге әсер етпейді.

**3.3.4. Әлеуметтік инфрақұрылым**

Өткен жылдары Арал өңірінде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөнінде шаралар қабылданды. Өңірде туберкулезге қарсы ауруханалар, перзентханалар, орталық аудандық ауруханалар, мектептер мен басқа да объектілер салынды.

1992 жылдан бастап 2002 жылға дейін Қызылорда облысы бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен әлеуметтік саланы, сумен жабдықтауды және инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған 55 жоба іске асырылды.

Көрсетілген жылдар ішінде 31 мектеп қатарға қосылды және қайта жөнделді.

1993 жылы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен Тереңөзек кентінде Сырдария орталық аудандық ауруханасы салынды.

2002 жылғы шілдеде республикалық бюджет қаражаты есебінен Қызылорда қаласында құны 76,6 млн. АҚШ доллары болатын көп бейінді аурухана кешені пайдалануға берілді. Жергілікті бюджет есебінен Жалағаш орталық аудандық ауруханасы салынды.

2003 жылға арналған деректер бойынша Мұғалжар ауданының Қандыағаш қаласында, Темір ауданының Шұбарқұдық кентінде, Ақтөбе облысының Шалқар қаласында туберкулез ауруханасы жоқ, осы облыстың Байғанин ауданында ескі ғимараттың авариялық жағдайына байланысты аудандық аурухана салу қажет. Қызылорда облысының халқы қолданыстағы объектілердің авариялық жағдайына байланысты немесе оларды нормативтерге жеткізу үшін үш туберкулез ауруханасын, екі перзентхана орталық аудандық аурухана салуға мұқтаж. Оңтүстік Қазақстан облысының Арал өңірінің аудандарында төрт туберкулез ауруханасын, перзентхана мен аудандық аурухана салу проблемасы тұр.

Арал өңірінде негізінен қолданыстағы білім объектілерінің авариялылығы себепті бірінші кезекте 13 мектеп салу қажет.

Алыстағы ауылдық елді мекендерді электрмен, телефонмен және телерадиотрансляциямен жабдықтау мәселесі тұр.

### 3.3.5. Арал өңірі экономикасының жай-күйі

Өңірдің экономикасы шикізат бағытының күшеюімен, өндірістің техникалық және технологиялық артта қалуымен, өңдеуші өнеркәсіптің жеткіліксіз дамуымен және өндірілетін өнімнің бәсекелік қабілетінің төмендігімен сипатталады.

Қызылорда облысындағы өнеркәсіп өндірісінің тұрақты үрдісі кен өндіру өнеркәсібін дамытумен, мұнай өндіру көлемінің ұлғаюымен байланысты. 2003 жыл ішінде Қызылорда облысында республикада өндірілетін шикі мұнайдың бестен бір бөлігі өндірілді, бұл шамамен 10 млн. тоннаны құрайды. Сонымен бірге, өңірде мұнай-химия өнеркәсібі дамымаған.

Қазіргі уақытта инвестициялардың шикізат бағыты өнеркәсіптегі

қалыптасқан теңсіздікті одан әрі ушықтырды. Мәселен, Қызылорда облысының өнеркәсіп өнімдері көлеміндегі өңдеуші өнеркәсіптің үлес салмағы 2003 жылы тек 3,3%-ды құрады.

Егер бұрын облыста өңдеуші өнеркәсіп көлемінің жартысынан көбі тоқыма, тігін және металлургия өнеркәсібіне келген болса, ал қазіргі уақытта көлемнің жартысынан көбі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен машина жасауға келеді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісінің артылып қалған негізгі массасы өндірістің өзіндік құнының жоғарылығына байланысты өндірілетін өнімнің бәсеке қабілетсіздігінен қайта өңделмейді.

Облыста елдегі тауарлық күріштің 85%-ы өндіріледі. Күріш шаруашылығы аймағында шамамен 300 мың адам тұрады, олардың табысы мен тұрмыс деңгейі негізінен сол саланың жағдайына тәуелді. Сонымен бірге, күріш өсіруде судың өте көп көлемі (24000 текше м/га), ал күнбағыс өндірісінде едәуір аз немесе 3000 текше м/га, қант қызылшасына - 5000 текше м/га сафлора - 5500 текше м/га пайдаланылатынын баса айтқан жөн.

2004 жылдан бастап "Қызылорда өңірін экологиялық теңгерімді дамыту" ТАСИС жобасы іске асырыла бастады. Жобаның басты мақсаттарының бірі ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру, оларды күтіп баптау процесін жетілдіру және су ресурстарын басқаруды жақсарту жолымен Қызылорда облысында су ресурстарын пайдаланудың тиімділігін ұлғайту болып табылады. Жобаның бюджеті 2 млн. евроны құрайды.

Өңірде инфрақұрылымды жақсарту мен жетілдіру жөніндегі жұмыстар бар. 2003 жылы Қызылорда қаласының жанынан Сырдария өзені арқылы жобалық құны 1744,7 млн. теңге тұратын көпірлік өткел салу аяқталды.

Ақтөбе, Қарағанды облыстарында да экономикалық өсу тау-кен өндіру өнеркәсібімен байланысты. Мәселен, соңғы жылдары Ақтөбе облысында Жаңажол кен орнында газ өңдеуші зауыт қайта жөнделді, Ақтөбе - Жаңажол магистральды газ құбыры және Әлібекмола - Кеңқияқ магистральды мұнай құбыры пайдалануға енгізілді. Қарағанды облысының Ұлытау ауданында Жезді байыту фабрикасы жұмыс істейді. Оңтүстік Қазақстан облысының Арал өңірінің төңірегіндегі өңірлерінде ауыл шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу жөніндегі, атап айтқанда мақта-шиті, жүн және тағы басқаларды өңдеу жөніндегі кәсіпорындар енгізілді.

**4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

Бағдарламаның мақсаты халықтың сапалы өмір сүру деңгейіне әсер ететін экологиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларды жақсарту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру есебінен Арал өңірі проблемаларын шешу болып

табылады.

Қойылған мақсаттарға жету үшін Бағдарламада мынадай міндеттерді шешу көзделген:

экологиялық ахуалды оңалту;

халықты сауықтыру;

әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;

ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ету;

өңірде экономикалық белсенділікті арттыру үшін жағдай туғызу, өндірістік инфрақұрылымды дамыту және суды ұтымды пайдалану;

халыққа әлеуметтік көмек көрсету;

Бөлінген міндеттерді шешу әртүрлі бағыттағы шаралардың кең ауқымын әзірлеуді және іске асыруды болжайды.

**5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі**

Ескерту. 5-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу және міндеттерді шешу негізгі төрт бағыт бойынша жүзеге асырылады. Бұл - экологиялық ахуалды оңалту, халықты сауықтыру, өңірдің экономикасының табысты жұмыс істеуі үшін жағдай жасау, халыққа әлеуметтік көмек көрсету.

**5.1. Экологиялық ахуалды оңалту**

Ескерту. 5-1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

Өңірдің экожүйесін сақтау мен жақсарту үшін:

2004-2006 жылдары Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу жөніндегі жобаны іске асыру;

2006 жылдан бастап Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жөніндегі жобаны іске асыру - 2 кезең;

Қызылорда облысының бас ағызу құрылысы бар Қараөзек сағасын қайта жаңарту;

Сырдария өзенінің жер беті суларының сапасын кешенді бағалауды жүргізу және оның төменгі жағына экологиялық су жіберу нормаларын анықтау;

қоршаған ортаны қорғаудың 2005-2007 жылдарға арналған әзірленетін бағдарламасы шеңберінде Арал өңірі аймақтарының шөлейттенуіне қарсы күрес жөніндегі шараларды көздеу;

өңірдің биологиялық сан алуандылығын сақтау жөніндегі шараларды қабылдау;

Сырдария өзенінің сағасында тоғайлы ормандар мен жайылым жерлерді сақтау және қалпына келтіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру;

Торғай мемлекеттік табиғи зоологиялық қаумалындағы 33 көлді сақтау үшін

суды реттейтін шлюздер салу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

Қызылорда қаласының қоршаған ортасы мен оның халқының денсаулығының мониторингін жүргізу;

Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында бөгеттердің, су қоймаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен елді мекендерін қыс мерзімінде судың көтерілу шығындарынан қорғау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының қолданысына жатқызылатын ауылдық аумақтарда экологиялық-демографиялық зерттеулер жүргізіледі, әкімшілік аудандардың экологиялық паспорттары жасалады, қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жасайтын пункттер желілері кеңейетін болады.

**5.2. Халықты сауықтыру, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және сапалы ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ету**

Ескерту. 5-2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

Мынадай шараларды іске асыру қарастырылуда:

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының қолданысына жатқызылатын аумақтарда тұратын халықтың денсаулығы туралы кешенді қорытынды әзірлеу;

Арал өңірінің өңірлерінде денсаулық сақтау желілерінің жағдайына талдау жүргізу және оны одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар дайындау;

Әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту мақсатында:

Арал өңірінің өңірлерінде білім беру желілерінің жағдайына талдау жүргізу және оны одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу;

Ақтөбе облысында Қандыағаш, Шалқар қалаларында және Шұбарқұдық кентінде туберкулезге қарсы ауруханалар, Байғанин ауылында аудандық аурухана, Шалқар қаласында емхана, Тасқопа, Кеңесту, Мөңке би, Байқадам ауылдарында мектептер салу;

Қызылорда облысында Жосалы кентінде туберкулезге қарсы диспансер, Арал қаласында, Тереңөзек және Әйтеке би кенттерінде туберкулезге қарсы ауруханалар, Жаңақорған кентінде орталық аудандық аурухана, Арал қаласында емхана, Қызылорда және Арал қалаларында, Ақтөбе, Тартоғай, Бесарық, Сұлутөбе ауылдарында, Төретам және Жақсықылыш кенттерінде мектептер салу ;

Оңтүстік Қазақстан облысында Түркістан қаласында туберкулезге қарсы диспансер, Арыс қаласы мен Шәуілдір ауылында туберкулезге қарсы ауруханалар, Шолаққорған ауылында перзентхана, Шолаққорған, Мелдеби,

Ортақ, Шорнақ, Жуантөбе, Арыс ауылдарында, Новостройка бөлімшесінде мектептер салу.

Өңірде Бағдарламаны іске асыру кезеңінде республикалық бюджет есебінен 19 мектеп салу және құрылысын бастау көзделіп отыр.

Сапалы ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін:

Арал өңірінің халқын сумен жабдықтау жағдайына кешенді бағалау жүргізу және оны одан әрі жақсарту жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

Арал өңірінің елді мекендерін сумен жабдықтау және оның санитариясы жобасын іске асыру;

Ақтөбе облысында Байғанин ауылында су құбырын жаңарту;

Қызылорда облысында Арал-Сарыбұлақ, Жиделі және Октябрь топтық су құбырларын, Жосалы аудан орталығында су құбырын, Қызылорда қаласында сарқынды суларды биологиялық тазарту стансасынсалуды жүзеге асыру, Қазалыны (Жаңа Қазалыны) сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, Шиелі ауданының Жиделі су аққысына қоса отырып, жаңа Бекет-1, Жансейіт, Ортақшыл кенттерінде су іркуіш құрылыстарын салу, Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту, Тасбөгет кентінде сумен жабдықтау және су әкеткі жүйесін қайта жаңарту және кеңейту, Жаңақорған кентін Жиделі топтық су құбырына қосу бөлігінің құрылысын бастауды, Жиделі топтық су құбырын, Жаңақорған кентінде сумен жабдықтау жүйесін жаңартуды, Жалағаш аудан орталығында су құбырын кеңейтуді жүзеге асыру;

Қызылорда қаласының сарқынды суларын биологиялық тазарту станциясына баратын қысымды коллекторлар мен кәріздік сорғы станцияларын салу және қайта жаңарту;

Оңтүстік Қазақстан облысында Кентау-Түркістан топтық су құбырын салуды жүзеге асыру, Шардара топтық су құбырын қайта жаңарту, Созақ ауданының Қарақұр, Отырар ауданының Шәуілдір және Әметбек елді мекендерін сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, Арыс, Шойманов, Темір, Қоғам, Көкмардан, Қызыл ту елді мекендерінде су құбырын салу және Түркістан қаласының сумен жабдықталуын жақсарту.

### 5.3. Өңірде экономикалық белсенділікті арттыру үшін жағдай жасау, өндірістік инфрақұрылымды дамыту және суды ұтымды пайдалану

Ескерту. 5-3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

Өнеркәсіптің өңдеу саласын, ауыл шаруашылығын дамыту үшін өңірде экономикалық белсенділікті арттыру, өндірістік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады.

Қызылорда қаласының жылу-энергетикалық көздерін және тұрғын үй

секторын ілеспе газға көшіру қамтамасыз етіледі, бұл жылу және электр энергиясын арзан өндіруге мүмкіндік береді, сондай-ақ Шұбарқұдық - Байғанин және басқа да газ құбырларын салу мәселелері қарастырылған.

Қызылорда қаласының коммуналдық объектілері желілерінің жай-күйіне, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейіне талдау жасау және оларды одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу көзделуде.

Өңірде жол құрылысы саласында "Қарабұтақ - Ырғыз - Қызылорда облысының шекарасы" автожолын, "Қызылорда - Шымкент - Ақтөбе облысының шекарасы" учаскесіндегі "Самара - Шымкент" автожолын жаңарту сияқты ірі жобалар іске асырылатын болады.

Арал өңірі аймағында Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Ақтөбе облысының Шалқар шағын қалалары орналасқан. Арал және Шалқар қалалары күйзеліске ұшыраған шағын қалалар тізбесіне енгізілген. Осы екі қаланың халқының өмір сүруін қамтамасыз ететін объектілерді дамытуды қаржыландыруға республикалық бюджеттен 2004-2006 жылдары облыс бюджеттеріне 75 млн. теңгеден мақсатты трансферттер бөлу көзделіп отыр.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін және суды ұтымды пайдалану үшін:

Арал өңірі экономикасының салаларында су шаруашылығы объектілерін оңалту және суды ұтымды пайдалану жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

12 магистральды және шаруашылықаралық арнаны, 1 су қоймасын, 1 коллекторды қайта жаңарту және жөндеу;

Тоғыскен және Жаңақорған - Шиелі жаппай суару, Жаңадария және Қуаңдария суару - су өткізу тракттарының су шаруашылығы объектілерін жаңарту және қалпына келтіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

Өңірлік аграрлық азық-түлік бағдарламалары шеңберінде Арал өңірінің ауыл шаруашылығы өндірісіне тұзға төзімді және құрғақшылыққа шыдамды өсімдік сорттарын, егін шаруашылығының экологиялық таза технологияларын енгізу жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

Арал-Сырдария бассейнінде құнды балық түрлерін сақтау, көбейту және ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеу, Қызылорда облысының Арал ауданында балық үдейтін кәсіпорындар салу жөнінде ұсыныстар әзірлеу көзделіп отыр.

Арал өңірі экономикасының нақты секторында "Қазақстанның Даму банкі", "Ұлттық инновациялық қор", "Инвестициялық компания: Қазақстанның инвестициялық қоры" акционерлік қоғамдарын және басқа даму институттарын тарту арқылы Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясы шеңберінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру мәселелері

әзірленетін болады. Арал өңірінде шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының жұмысы жандандырылуда.

**5.4. Арал өңірінің халқына әлеуметтік көмек**

Ескерту. 5-4-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1003 қаулысымен.

Халықты әлеуметтік қорғау үшін мыналар көзделеді:

Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының және Ақтөбе облысы Шалқар ауданының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

"Қазалы - Сексеуіл", "Қазалы - Жосалы", "Қызылорда - Жосалы" бағыттары бойынша Қызылорда облысының әлеуметтік маңызды облысішілік қала маңы поездарын субсидиялау үшін нысаналы трансферттер бөлу мүмкіндігін қарастыру.

**5.5. Бағдарламаны іске асырудың тетігі**

Кешенді іс-шараларды кезең-кезеңмен орындау көзделіп отыр, бұл орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін барынша үйлестіруге әрі қаржылық және материалдық мүмкіндіктерін шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру тетігінің тиімділігін Арал өңірі проблемаларын шешудің барлық бағыттары бойынша мақсатты бағытталған және келісілген іс-әрекетпен қамтамасыз ету көзделіп отыр. Сондықтан, Бағдарламаны іске асырудың нақты шаралары мен тетіктері экологияны оңалтуды сумен жабдықтауды және елдің инфрақұрылымын дамытуды көздейтін басқа да салалық бағдарламаларда көрініс табады.

Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдеріне әзірленетін өңірлік бағдарламаларда Қазақстан Республикасының " Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңының қолданылуына жататын аумақтарды дамыту жөніндегі кешенді шаралар мен тетіктерді қарастыру ұсынылып отыр.

